# ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН КЕЛІСІМШАРТ

**№16 «4» 09 2025 ж.**

Авимед көпсалалы колледжі жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан әрекет етуші басшысының у.м.а: Тезекбаева Эльмира Турсунхановна бір тараптан (бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын Авимед көпсалалы колледжі) және бұдан әрі Орындаушы деп аталатын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі «Шымкент Университеті» ректоры Сейткулов Нурлыбек Акынулы екінші тараптан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

## ШАРТТЫҢ НЫСАНАСЫ

1. «Медициналық колледждің білім алушыларына арналған арт-терапия негіздері» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды Тапсырыс беруші тапсырады, ал Орындаушы өзіне қабылдайды.
2. Негізгі кезеңдердің мазмұны мен мерзімі күнтізбелік жоспарда айқындалады.
3. Төменде аталған құжаттар мен онда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1) Осы Шарт;
2) Жұмыстардың күнтізбелік жоспары;
3) Техникалық ерекшелік.

## БІЛІКТІЛІК БЕЛГІЛЕРІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

1. Жұмыс бағыты: Қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмысы.
2. Қолданылу саласы: Қазақстан Республикасының білім беру мекемелері.
3.Түпкі нақты нәтиже: оқу-әдістемелік құрал әзірлеу.
4. Патент қабілеттілігі: қабілетті.
5. Ғылыми деңгейі (жаңалық): жаңалық.
6. Оқу-әдістемелік құралды пайдалануды тапсырыс беруші немесе орындаушы жүзеге асырады; алынған нәтижені Тапсырыс беруші мен Орындаушы бірге пайдаланады.
7. Зерттеу нәтижелерін пайдалану түрі: оқу-әдістемелік құрал әзірлеу, жұмыстың зерттеу нәтижелерін пайдалануға ұсыну, алынған нәтижелерді оқу үдерісіне енгізу.

## ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТАЛАПТАРЫ

1. Шарттың жалпы сомасы барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, қызметтерді орындауға байланысты барлық шығындар құнын қоса алғанда, 2.100.000 (екі миллион бір жүз) теңгені құрайды.
2. Орындаушының жұмыстарын Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен төлейді: Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілетін жылына 2.100.000 (екі миллион бір жүз) теңге төленеді.
3. Қаржыландыру көзі: Тапсырыс берушінің қаражаты.

## ЖҰМЫСТАРДЫ ТАПСЫРУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

1. Орындаушының шартты орындаудың жекелеген кезеңдерінде және ол аяқталған соң рәсімдеуіне және тапсыруына жататын ғылыми, техникалық және басқа да құжаттаманың тізбесі Қазақстан Республикасының ғылыми-зерттеу саладағы қолданыстағы нормативтік құжаттарында айқындалған.

2. Шарттың жекелеген кезеңдері бойынша белгіленген тәртіппен рәсімделген құжаттаманы беру жыл сайынғы орындалған жұмыстар актісімен және Орындаушының аннотацияланған есебімен жүзеге асырылады.

3. Орындаушы Тапсырыс беруші жүргізілген ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-зерттеу жұмыстары туралы жылдық есепті мерзімінен кешіктірмей ұсынуға міндеттеледі.

4. Жұмыстар мерзімінен бұрын орындалған жағдайда Тапсырыс беруші жұмысты мерзімінен бұрын қабылдап, оған төлеуге құқылы.

5. Егер жұмысты орындау үдерісінде теріс нәтиже алуға мәжбүр болатындығы немесе жұмысты одан әрі жүргізудің орынсыздығы анықталса, Орындаушы оны тоқтата тұруға, жұмыс тоқтатыла тұрған күннен кейін 5 (бес) күн мерзімде Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті.

Бұл жағдайда тараптар жұмысты жалғастырудың орындылығы және бағыттары туралы мәселені қарастыруға міндетті.

## ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда тараптар қолданыстағы заңнамада белгіленген талаптарда және тәртіппен жауапты болады.

2. Жұмыстар көрсетілген мерзімде орындалмаған жағдайда Орындаушы төленген қаражатты толығымен қайтаруға міндетті.

3. Орындаушы бағдарламаның жекелеген жобалары бойынша жұмыстарды тиісінше орындамаған жағдайда орындалмаған жұмыстың көлеміне қарай қаражатты кері қайтаруға міндетті.

## ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

Шарт тараптардың қол қойылған күнінен бастап күшіне енді, тараптар үшін міндетті болып табылады.

Тараптардың қалауы бойынша басқа да талаптар:

1.Жұмыс күнтізбелік жоспарға сәйкес орындалады;

2.Тараптардың барлық шағым-талаптары бойынша Орындаушы жауапты болады.

## ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ

| | |
|---|---|
| Шымкент университеті<br>Шымкент қ.Қаратау ауданы.<br>Квартал 225, ғимарат 426<br>СТН 582100008395<br>Е/ш KZ 589260801154109000<br>БИККZКОКZКХ<br>БИН 000540000592<br>Сым: 8 (7252) 55-58-61<br>Ректор, п.ғ.д.,<br>профессор ________ Сейткулов Н.А.<br>« 4 » 09 2025ж. | **Кәсіпорын:**<br>«Авимед көпсалалы колледжі»<br>Шымкент қ.Қаратау ауданы.<br>Квартал 225, ғимарат 426<br>Сым: 8 (7252)55-58-61<br>KZ826017291000002962<br>БИК - HSBKKZKX<br>БИН 000540000592<br>Кбе17<br>АО «Народный Банк Казахстана»<br>Директорының<br>у.м.а:________________Тезекбаева Э.Т.<br>« 4 » 09 2025ж. |

# ЖҰМЫСТАРДЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

№1 шарт бойынша «4» 09 2025ж.

Тақырыбы: «Медициналық колледждің білім алушыларына арналған арт-терапия негіздері»

| № | Кезең атаулары | Орындау мерзімі | | Кезең бойынша жұмыс құны |
|---|---|---|---|---|
| | | басталуы | аяқталуы | |
| 1 | Зерттеудің негізгі ұстанымдарын анықтау, мәселені негіздеу, мақсаттар мен міндеттерді анықтау, зерттеудің дидактикалық негіздерін жасау. | 2025ж. қыркүйек | 2026ж. маусым | 700 000 (жеті жүз мың ) теңге |
| 2 | Әдістемелік жүйені жобалаудың теориялық негіздерін жасау және мақалалар дайындау. | 2025ж. қыркүйек | 2026ж. маусым | 700 000 (жеті жүз мың ) теңге |
| 3 | Зерттеу нәтижелерін қорытындылау және жетекші теориялық қағидаларды тұжырымдау, іс-шараларды әзірлеу және тәжірибеге енгізу. | 2025ж. қыркүйек | 2026ж. маусым | 700 000 (жеті жүз мың ) теңге |

## ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ

Шымкент университеті
Шымкент қ.Қаратау ауданы.
Квартал 225, ғимарат 426
СТН 582100008395
Е/ш KZ 589260801154109000
БИККZKOKZKX
БИН 000540000592
Сым: 8 (7252) 55-58-61
Ректор,п.ғ.д., профессор
Сейткулов Н.А.
«4» 09 2025ж.

**Кәсіпорын:**
«Авимед көпсалалы колледжі»
Шымкент қ.Қаратау ауданы.
Квартал 225, ғимарат 426
Сым: 8 (7252)55-58-61
KZ826017291000002962
БИК - HSBKKZKX
БИН 000540000592
Кбе1[illegible]
АО «Народный Банк Казахстана»
Директорының
у.м.а:________Тезекбаева Э.Т.
«4» 09 2025ж.

## ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

№1 шарт бойынша «4» 09 2025ж.

Тақырыбы: «Медициналық колледждің білім алушыларына арналған арт-терапия негіздері»

| Жоба тақырыбының атауы | Мақсаттар | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|
| Медициналық колледждің білім алушыларына арналған арт-терапия негіздері | Арт-терапия негіздері арқылы білім алушыларының танымдық қабілеттерін дамыту, арт-терапияның көмегімен негативті эмоциялық жағдайын түзеу және шығармашылық мүмкіндіктерін ашу. | 1.«Медициналық колледждің білім алушыларына арналған арт-терапия негіздері» тақырыбында бірлескен түрде ***дөңгелек үстел*** өткізу.<br>2.Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға<br>*1.«Арт терапия балалар мен ересектердің психикалық мәселелерін анықтау және жеңілдету».*<br>2.*«Арт терапия адамның ішкі жан дүниесін шығармашылық арқылы емдеуге арналған психологиялық бағыты »* тақырыптарында ғылыми мақалалар жариялау.<br>3. 2026 жылдың наурыз айында Авимед көпсалалы колледжі оқытушыларымен бірлесіп ***«Арт-терапиялық практикум»*** оқу-әдістемелік құрал шығару. |

## ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН ЖАЙЛАРЫ

| | |
|---|---|
| Шымкент университеті<br>Шымкент қ.Қаратау ауданы.<br>Квартал 225, ғимарат 426<br>СТН 582100008395<br>Е/ш KZ 589260801154109000<br>БИККZKOKZKX<br>БИН 000540000592<br>Сым: 8 (7252) 55-58-61<br>Ректор,п.ғ.д., профессор<br>Сейткулов Н.А.<br>«4» 09 2025ж. | **Кәсіпорын:**<br>«Авимед көпсалалы колледжі»<br>Шымкент қ.Қаратау ауданы.<br>Квартал 225, ғимарат 426<br>Сым: 8 (7252)55-58-61<br>KZ826017291000002962<br>БИК - HSBKKZKX<br>БИН 000540000592<br>Кбе17<br>АО «Народный Банк Казахстана»<br>Директорының<br>у.м.а. ____________ Тезекбаева Э.Т.<br>«__» ________ 2025ж. |